"АЙ-СКАН"
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

ТОВАРИЩЕСТВО
С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
"АЙ-СКАН"

г. Кызылорда, Жилой район Саяхат, ул. Саяхат-22, дом 28; БИН 040640019306, тел: 8 7760660060

№ _17____

" _16___" _сәуір__ 2018 ж.

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

Ұйымдастырушы: ""Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" ММ
Орналасқан жері: Казахстан, Кызылорда, БЕЙБАРЫС СУЛТАН строение 1,
БСН: 070140002001

Ұйымдастырушының өкілі: НАКИПОВ КАЙРАТ БАКБЕРГЕНОВИЧ

Шағымданушы: «АЙ-СКАН» ЖШС-гі
Орналасқан жері: Казақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Саяхат-22 көшесі, 28 үй
БСН: 040640019306
Директоры Бекжанов Б.А.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық комиссиясының шешіміне
Ш А Ғ Ы М

«АЙ-СКАН» ЖШС №2355172-1 «Байқоңыр қаласындағы ОМО филиалының жылумен жабдықтау жүйесін реконструкциялау. 2 қазанға арналған қазандық» электронды ашық конкурсына қастысқан болатын.

Конкурстық комиссия Қорытындылар туралы хаттамасында *«Әлеуетті өнім берушінің Қосалқы мердігер ретінде көрсетілген «Акмешит- Мелиоратор» ЖШС –нің 5 қосымшасына сәйкес біліктілігі туралы дұрыс мәліметтер ұсынбауы, яғни ұсынылған «Акмешит- Мелиоратор» ЖШС – нің 5 қосымшасы конкурстық құжаттаманың үлгісіне сәйкес толық ұсынылмаған. Әлеуетті өнім беруші мен Қосалқы мердігер «Акмешит- Мелиоратор» ЖШС–нің 31 наурыздағы 2018 жылғы №11/2018 келісім анық емес ақпарат ұсынылуына байланысты есепке алынған жоқ, яғни жасалған шартта қол және мөр кесіліп pdf бағдарламасы негізінде жасалауын байланысты есепке алынған жоқ.; Әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде әлеуетті өнім беруші құрылыс монтаждау жұмыстарына қатысты «мұнай құбырларының, газ құбырларының кәсіпшілік және магистральдық желілерін, сондай-ақ мұнай өнімдері құбырларының магистральдық желілеріне» қатысты рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы немесе қосалқы мердігер туралы мәліметтер ұсынылмаған.;»* -деген себептермен конкурска қатысуға жібермеген. Біз бұл қортынымызбен келіспейміз.

Конкурстық өтінімде талап етілген барлық құжаттар толығымен салынды. Қосалқы мердігер «Акмешит- Мелиоратор» ЖШС–нің 5 қосымшасында қажетті мәліметтер толығымен ұсынылды және 31 наурыздағы 2018 жылғы №11/2018 келісім шарт түпнұсқадан сканерленіп салынды.

Алайда конкурстық комиссия Қорытындылар туралы хаттамасында Заңсыздықтарға барып конкурска қатысуға рұқсат бермей отыр.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» Заңының 47 бабына сай, Әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.

Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс (аукцион) тасілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы орналастырған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға шағым жасалған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылатындығы көрсетілген.

Осыған байланысты, Сіздерден, жоғарыдағы көрсетілген конкурсты ұйымдастырушының, комиссияның іс әрекетін және конкурс қорытындысын қайта заңдылығын анықтап тиісті іс шара қоруіңізді және барлық заңдылықтарды сақтай отырып конкурстың қорытындысын қайта қарауына ықпал етуіңізді сұраймын.

"АЙ-СКАН" ЖШС-ң директоры **Бекжанов Б. А.**